«ЖАҢАҚОРҒАН АУДАНЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ ДАМУ БӨЛІМІ» КОММУНАЛДЫҚ МЕМЛЕКЕТТІК МЕКЕМЕСІ

КОММУНАЛЬНОЕ ГОСУДАРСТВЕННОЕ УЧРЕЖДЕНИЕ «ОТДЕЛ ОБЩЕСТВЕННОГО РАЗВИТИЯ ЖАНАКОРГАНСКОГО РАЙОНА»

Факс. 8(72435) 22-2-90 тел. 8(72435) 22-2-90, janakor.ovp@korda.gov.kzФакс. 8(72435) 22-2-90 тел. 8(72435) 22-2-90, janakor.ovp@korda.gov.kz
120300. Жанакорған конысы М.Көкенов көшесі №33120300 пгт Жанакорган ул М.Кокенова №33

«06» 03 2025 жыл № 01-6/29

«Асыл мұра - Орда» ҚҚ
директоры П. Әбдіғапбарға

Жаңақорған ауданының қоғамдық даму бөлімі тарапынан, Сіздің №13929822-2 «Аудан тұрғындары арасында діни экстремизм мен терроризмге қарсы күреске бағытталған шараларды өткізу және діни ахуал туралы түсіндірме жұмыстарын ұйымдастыру» қызметі бойынша Мемлекеттік әлеуметтік тапсырыспен №76201086-ГСЗ1 көзделген көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алудың қорытындылары қайта қарау мәселесіне қатысты өтінішіңіз қаралды.

1. Әлеуметтік жобаны және (немесе) әлеуметтік бағдарламаны іске асыруға тартылатын мамандардың** еңбек өтілі мен біліктілігі сәйкес, қосымша зерттеу негізінде тапсырыс беруші тарап техникалық ерекшелікте материалдық және еңбек ресурстарына қатысты талап қойылғандықтан, «Асыл мұра – Орда» қоғамдық қорынан ұсынылған маманнның толық құжаттарының болуына байланысты 2 ұпай емес 4 ұпай берілу керектігі анықталды.

2. Сонымен қатар, «**Әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы»** бөлігінде Әлеуетті өнім берушінің жұмыс тәжірибесінің болуы «**Сатып алынатын қызметтердің нысанасына, мақсаттарына сәйкес келетін ұқсас қызметтерді көрсету нарығында әлеуетті өнім берушінің бес жылдан астам және қоса алғанда сегіз жылға дейінгі жұмыс тәжірибесі**», яғни мемлекетік әлеуметтік тапсырыстар ғана емес, жалпы мемлекеттік сатып алу порталы арқылы қызмет көрсету бойынша мақсаты ұқсас болған қызметтер атқарғаны үшін «Асыл Мұра-Орда» ҚҚ **7 баллды орынды** алып отыр. (2017-2019 жж, 2021-2024 жж)

3.Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 687 бұйрығымен бекітілген Мемлекеттік сатып алуды жүзеге асыру қағидаларының 34-тармағының 2)тармақшасының 6-абзацына сәйкес

мемлекеттік әлеуметтік тапсырыста көзделген мемлекеттік қызметтер конкурсына қатысуға өтінімдерді қарау нәтижелері бойынша конкурстық комиссия әлеуетті өнім берушілер ұсынған конкурсқа қатысуға өтінімдерді бағалау үшін жобаны жергілікті бюджет қаражаты есебінен іске асырған жағдайда-үкіметтік емес ұйымның **тиістіөңірдегі** жұмыс тәжірибесі өлшем шарттары негізінде балдарды есептейді.

«Қазақстан Республикасының әкімшілік-аумақтық құрылысы туралы» Қазақстан Республикасының Заңының 2-бабының 2-тармағына сәйкес **өңір** – Қазақстан Республикасының мүддесі үшін құрылатын және басқарылатын, бірнеше елді мекен кіретін Қазақстан Республикасы аумағының бір бөлігі.

Республикалық әкімшілік-аумақтық құрылыстың негізгі буындары ретінде облыс, **аудан** және ауылдық округ өңірлер болып табылады.

Бұл ретте жоба Жаңақорған ауданында жүзеге асырылуына байланысты, осы аймақта орындалған шаралар жұмыс тәжірибесіне есептеледі.

Осыған орай Сіздің өтініміңізде көрсетілген шаралар Жаңақорған ауданынан тысқары өңірде жүзеге асырылуына байланысты жұмыс тәжірибесі ретінде есепке алынбады.

Аталған жауаппен келіспеген жағдайда, Сіз жоғары тұрған органға немесе сотқа шағымдануға құқылысыз.

Бөлім басшысы **Ә.Төлегенов**

Орындаған: М.Калдыбаева
Тел: 8/72435/ 22-2-90
Эл.пошта:*janakor.ovp@korda.gov.kz*